

Г.Т. Азанбекова, Р.О. Асыллова

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған
(E-mail: azanbekova.gulnaz@mail.ru)*

Аутизмді бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану

Мақалада балаларда кездесетін ауытқулардың бірі – ерте жастағы балалар аутизмді қарастырылды. Ерте жастағы балалар аутизмінде балада айналадағы қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсуде қиындықтар туындайды. Авторлар аутист-балалардың өзінің құрдастары және ересек адамдармен қарым-қатынасқа түсуін жақсарту мақсатында жүргізген эксперимент жұмысының кезеңдерін сипаттайды. Экспериментте кешенді түзете-оқыту әдістерін түрлендіріп қолданған. Балалар аутизмінде кешенді түзете-оқыту әдістерін және заманауи технологияларды қолдану баланың жалпы дамуына, құрдастарымен қарым-қатынасына және баланың одан әрі дамуына қолайлы әсер ететіндігін эксперимент нәтижесі көрсетті.

Кілт сөздер: балалар аутизмі, әлеуметтік орта, мутация, патогендік фактор, хромосомалық өзгерістер, глобалды оқыту, сенсорлы интеграциялау, заманауи әдістер, сөздікпен жұмыс, логопедиялық тренажер.

Әрбір ата-ана баласы өмірге келгеннен кейін оның денсаулығының дұрыс болғанын қалайды. Ата-анасы баланың жасаған әрбір қимылына, оның жүзінің жадырағанын, басқан әрбір қадамын, алғашқы шығарған дыбысына, айтқан сөзіне қуанады. Әр бала қоршаған ортаның қамқорлығын қажет етеді. Бірақ кейбір балалар қоршаған ортадан алыстап, өз әлемінде өмір сүреді. Олар әр жаңа нәрсеге қызықпайды, оны танып-білуге қызығушылығы болмайды. Осындай балалар қарым-қатынас жасауда, әлеуметтік ортаға бейімделуде, ата-анасымен сөйлесуде қиындықтарға кездеседі. Осындай белгілер арқылы балада аутизмнің немесе оның кейбір белгілерін анықтауға болады.

Елімізде аутизм туралы ақпарат аз, ал онымен күресіп жүргендер көп. Әлем бойынша 67 миллион адам аталған дертпен арпалысса, қазақстандықтардың үлес салмағы мыңнан асып жығылады. Елімізде аутизмді бар балалардың саны күрт өсуде. 2003 жылы 77 бала тіркелген болса, 3 жылдан кейін бала саны 255-ке жеткен, 2010 жылға қарай 326 бала тіркелген. Ал қазіргі таңда балалар аутизмді мың жарымға жуық балада байқалған [1].

Аутизм ми жұмысының бұзылуынан туады. Мамандар аутизмнің 300-ге жуық себебін атап отыр. Бірақ нақты тұжырым, дәйекті дәлел жоқ. Ең алғаш аутизм туралы Э. Блейлер, Лео Каннер, О.С. Никольская, Г. Аспергер, А. Ретта, К.С. Лебединская сынды ғалымдар қарастырған. Қазіргі кезеңде аутизмді зерттеу өрісі кеңейіп отыр. Аутизм — бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін [2].

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизмді бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Аутизмнің пайда болу себептерін түсіндіретін нақты дәлелденген ақпараттар өте аз. Бұрынырақ балаларға қызылшаға және шошқаборлыққа (свинка) қарсы егілетін екпе салдарынан пайда болады деген болжам болған. Бірақ уақыт өтісімен, көптеген зерттеулер нәтижесінде бұл болжам жоққа шығарылды. Ал, психоаналитиктердің ойынша, баланың алғашқы даму кезеңіндегі «ата-ананың эмоциялық салқындығы» да себеп болады [3].

Себептердің 1-тобы тұқым қуалаушылықпен байланысты. Кейбір мамандардың айтуынша, аутизм тұқым қуалайды және ол гендік деңгейде беріліп отырады. Кей жағдайларда бұл тұжырымның растығын дәлелдейтін мысалдар да бар, себебі аутистік белгілер бір отбасының мүшелерінен байқалып жатады. Алайда ғалымдар аутизмге жауап беретін генді әлі күнге таба алған жоқ.

Себептердің 2-тобына хромосомалық (генетикалық) мутация, зат алмасудың туа бітті аурулары жатады. Кейбір генетикалық синдромдар мен зат алмасу ауруларының клиникалық симптомдарының

қатарына аутистикалық белгілер де кіреді. Мұндай аурулардың қатарында сынғыш (фрагильді) Х-хромосома, Ретт, Мебиус синдромдары, сонымен қатар фенилкетонурия, мукополисахаридоз және басқалары бар.

Себептердің 3-тобы орталық жүйке жүйесінің түрлі себептермен зақымдалуымен байланысты. Оған мыналар түрткі болуы мүмкін:

- жүктілік және туу кезінде түрлі патогендік факторлардың әсер етуі: нейроинфекция, вирустық инфекция, жарақат, асфиксия және т.б. Мұндай жағдайда аутизмді аурудың салдарынан болған жүйке жүйесінің резидуалды-органикалық күйі деп қарастырады;
- биохимиялық, нейробиохимиялық және метаболикалық ауытқулар. Арнайы зерттеулер (жұлын сұйықтығы, қан, несеп сараптамалары) көрсеткеніндей, аутистикалық симптомдар физиологиялық тұрғыдан белсенді заттар (серотонин, катехоламин және дофамин) алмасуының бұзылуынан болады. Биохимиялық өзгерістер мен аутистикалық белгілердің арасындағы байланыстың бар екенін дәлелдейтін зерттеулер бар [4].

Аутизмнің алғашқы белгілеріне тоқталатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала естімейтін сияқты болып көрінеді, бірақ тексеру барысында нәтижесі олай еместігін көрсетеді. Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі. Мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды. Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты сезімдердің ешқайсысы болмайды. Оған бәрібір. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді.

Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өткізіп, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана (мәселен, тек қолымен немесе басымен) ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды. Көбісінің зияткерлік қабілеттері де төмен [5].

Аутист-балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытуда жаңа технологияларды қолданудың артықшылығы оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті болып табылады. Қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі дамуы түрлі іс-әрекеттердің интенсификациялық үрдісінің өсуіне байланысты болып келеді. Осыған орай, болашақ білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің көп бөлігі жаңа технологияларға негізделетінін, қозғалмалы ойын және ақпараттық технологиялардан тұрады.

Тәжірибе көрсеткендей, кешенді түзете-оқыту әдістері мақсатты түрде аутист балаларды түзете оқыту және тәрбиелеуде пайдалану балалардың жан-жақты дамуына, түзету мен толықтыру жақтарына психологиялық-педагогикалық жағдай жасайды. Сонымен қатар әр баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескереді.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жеңуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады. Осы толықтырудың негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады.

Ақпаратты көрнекі түрде көрсету қандай іс-әрекет болсын оның әсерлілігін жоғарылатады. Арнайы білім беруде бұл әсердің маңызы зор. Заманауи құралдарды, диагностикалық әдістерді және технологияларды қолдану баланың тек сол кездегі ғана функциясын анықтамай, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі.

Аутизмді бар балалардың қарым-қатынасқа түсуін, әлеуметтік ортаға бейімделуін, сөйлеу тілін қалыптастыруда кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Талдықорған қаласында орналасқан «№1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-де жүргізілді. Арнайы мекемелердің педагогикалық ұжымы біз жүргізген зерттеулік ізденіс жұмыстарға оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында белсенділік танытты. Арнайы мекемедегі педагог-логопед ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибесін топтастыру үшін арнайы тақырыппен жұмыс жасайды. Логопед ғылыми ізденіс тақырыптары, негізінен, аутизмді бар балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру төңірегінде топтастырылады. Сонымен бірге педагог-логопед, біздің тәжірибелік-педагогикалық жұмысымызда көрсетілгеніндей, арнайы мекемелердегі жұмыстардың болашақтағы

жоспарына сәйкес аутизм диагнозы бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында қатыстырылды.

Аутизмі бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізуде біз ұсынған әдістеменің тиімділігін көрсетудегі зерттеу жұмыстарының мақсаты ерекше болды. Эксперимент жүргізу үшін зерттеу жұмысы бойынша эксперименттің ұйымдастырылу кезеңдерін белгілеп алдық. Алғашқы кезеңінде тәжірибелік-эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, белгіленген іс-шаралар жүйесі жүзеге асты:

- эксперимент жұмысының мазмұны іріктелді;
- педагогикалық бірізділік анықталды;
- оқу үдерісіне ендірілген бағдарламалар мен оқыту формаларының мазмұнының тиімділігі анықталды.

Эксперимент 4 бағытта жүргізілді:

- аутизм диагнозы бар балалардың сөйлеу тілін, қарым-қатынасын, психикалық процестерін «Ойын технологиясы» әдісі бойынша ойын элементтерін қолдану арқылы қалыптастыру;
- глобалды оқыту әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтауын дамыту;
- сенсорлы интеграциялау әдісі арқылы аутизмі бар балалардың қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастыру;
- ақпараттық технологияны қолдану әдісі бойынша «Дэльфа-142,1» тренажерін қолдану арқылы аутизмі бар баланың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту.

Эксперимент жұмыстарын жүргізу кезінде түзету кабинетінде оқытылатын 6 бала қамтылып, зерттелді. Эксперименттік жұмыс барысында қолданылған әдістер:

1. Ойын технологиясын қолдану.

Аутизмі бар баламен қарым-қатынас орнату.

«Айналма» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балалар арасынан барлық баламен амандасып, әр баламен қол алысып амандасатын баланы таңдайды. Сол бала айналма ортасында болатын баланы таңдайды. Барлық балалар қолдарынан ұстап, шеңбер құрады. Ортадағы баламен амандасады. Ортаға балалар кезекпен тұрады. Сәлемдескен кезде мына сөздер айтылады:

*Балақайлар, тұрайық;
Шеңбер құра қалайық;
Сен де менің досым;
Мен де еенің досың;
Барлығымыз доспыз.*

Қарым-қатынасты дамыту.

«Қуыршақпен ойна» жаттығуы.

Ойын барысы: түрлі тақырыптар бойынша сюжеттік-рольдік ойындар жүргізу. Мысалы, «Дүкенге барамыз», «Қонақта». Қуыршақ балаға әлеуметтік рольдерге кіруге көмектеседі.

Зейінді дамыту.

«Артығын тап» жаттығуы.

Ойын барысы: нұсқаушы берілген суреттердің ішінен артығын табуды тапсырады. Мысалы, қияр, асқабақ, сәбіз, алма. Артығы: алма.

Қозғалыстық ойындарын дамыту.

«Достармызға үй саламыз» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балаларды екі топқа бөліп, олардың Ақтөс және Шарик атты екі достарының барын айтады. Олар өте жақсы достар. Тек олардың тұратын үйі жоқ. Қане, оларға үй салып көмектесейікші. Осылайша, бір топ Ақтөске, екінші топ Шарикке үй салады. Ол үшін балаларға кубиктер мен тапсырмалар беріледі. Кім үйді бірінші салып бітіреді.

2. Глобалды оқыту әдістемесін қолдану.

Ерте жастағы аутист-балаларды оқытуда глобалды оқыту әдістемесін қолдану барынша тиімді болып табылады. Глобалды оқыту – баланың бүкіл сөзді толығымен қабылдауы (жазылуына қарап).

Келесі жаттығуда біз сөздерді бөліктерді бойынша глобалды оқытамыз. Сөздің бөліктері, буындар, жеке әріптер. Мысалы: *ма-ма, па-па, а-ға, ал-ма, ал-м-ұрт*. Аталмыш әдіс арқылы бірте-бірте қалыпты оқуға өтуге болады деп санаймыз.

Баланы ең алдымен қандай сөздермен таныстырған жөн? Әрине, ең алдымен, біз қарапайым, күнделікті қолданыста жүрген сөздерден бастаймыз. Олар: *ана, әке, аға, апке, ата, ана* т.б.

Біраз уақыт өткеннен кейін ұзақ сөздерді қосуға болады. Мысалы: *қуыршақ, машина, кітап, ойыншық* т.с.с., яғни біз бұл кезеңде де балаларың күнделікті қолданатын, айналасындағы заттарға сүйенеміз. Келесі кезеңде біз жақын адамдардың аттарын қосып жазамыз. Мысалы, *Айгүл мама, Асқар аға, Жанна тәте* т.б.

1-тапсырма. Нұсқаушы балаға қарапайым заттық суреттерді көрсетеді. Суреттің астында алдын ала даярланған заттың аты жазылған. Балаға берілетін тапсырма: алдын ала даярланған жазуды тиісті суреттің астына қою қажет. Алынатын суреттер: *машина, автобус, кеме, қайық, ұшақ, тік ұшақ* т.б.

2-тапсырма. Дәл осы тапсырма, тек осы жолы тапсырма күрделене түседі. Яғни, суреттер іс-әрекетті сипаттайды, сөйлем екі сөзден тұрады. Мысалы, *машина жүрді, кеме жүзді, ұшақ ұшты* т.б., бала тиісті сөз жазылған карточканы сәйкес суретпен біріктіруі қажет.

3-тапсырма. Тапсырма ерекшелігі — заттың сынына мән беру. Яғни түсіне, көлеміне, пішініне. Мысалы, *қызыл машина, сары автобус, үлкен қайық* т.с.с. балаға берілетін тапсырма тиісті сөз жазылған карточканы сәйкес суретпен біріктіруі қажет.

Әр тапсырада 3 суреттен берілген. 1-суретті дұрыс тапқаны үшін — 2 ұпай, дұрыс жауап бермеген жағдайда 0 ұпаймен бағаланады. Сонымен қатар:

- 7-9 ұпай — жоғарғы деңгей;
- 3-5 ұпай — орташа деңгей;
- 0-2 ұпай — төменгі деңгей.

3. Сенсорлық интеграция әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі);
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
- туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлану);
- орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау) [6].

4. Ақпараттық технологияны қолдану әдісі бойынша «Дэльфа–142,1» тренажерін қолдану.

«Дэльфа–142.1» логопедиялық тренажері баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жан-жақты дамыту, түзету бағдарламасының кешені түрі болып табылады. Ол кез келген дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем сияқты сөйлеу тілінің бірліктерімен жұмыс жүргізуге, мынадай логопедиялық міндеттерді: сөйлеудің грамматикалық-лексикалық жақтарын дамыту мақсатымен тыныс алуды және дауысты түзету, сөйлеу бұзылыстарын түзету үрдісіне ойын элементтерін қосу, сөздік материал мен жаттығу типтерін жан-жақты қарастыруға, түрлі мақсатқа сай материалдарды қолдануға (суреттер, әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер), баланың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беруге, логопедиялық жұмыспен қатар баланың қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамытуға мүмкіндік береді.

Тренажерлер зиятында ауытқуы бар, тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар, сөйлеу бұзылысы бар балалардың психологиялық ерекшеліктеріне және қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес жасалады.

Жаттығулардың құрылымы:

«Дыбыс» мәзірі:

- «Мерекелік торт», «Алау», «Шырша», «Шалқан» және «Бүршік» ойындары дұрыс, сапалы, бір қалыпты тыныс алуды қалыптастыру үшін берілген. Сонымен қатар бұл жаттығулар ринолалиясы және ринофониясы бар балалардың мұрындық реңкін түзеуге қолданылады;
- «Көбелек», «Ертегілік сарай» және «Диірмен» ойындары бірлескен сөздерді немесе сөз тіркестерін айтуға ықпал етеді;
- «Бауырсақ», «Сусиыр» және «Жанартау» жаттығулары экрандағы жануарлардың әрекетіне қарап, түрлі дауыстағы дыбыстарды айтуға көмектеседі. Мысалы, сусиыр аузын қатты ашқан сайын «а» дыбысы қатты шығады;

- «Ғарыш атқышы» және «Отшашу» жаттығулары қысқа дыбыстарды жылдам әрі анық айтуға ықпалын тигізеді;
- «Паровоз» және «Батпырауық» жаттығулары дауыссыз дыбыстарды айтуға септігін тигізеді. *С, ш, х* және *ф* дыбыстарын дұрыс айтқанына қарай паровоздың түтіні күнге, әуе шарына, жалауға дейін көтеріледі. Дыбыс айту дұрыс болмаса, паровоз түтіні өзгереді.

«Әріп» мәзірі:

- «2 бөліктен әріп құрастыр», «4 бөліктен әріп құрастыр», «Әріп жина» әріптің оптикалық контурын бекітуге арналған. Олар деңгейлерге байланысты бөлінеді. Осы үш тапсырмада бала құрастыратын әріпті таңдай алады;
- «Суреттер» сөздегі алғашқы әріпті табуға, анықтауға арналған. Сонымен қатар ұқсас фонемды әріптерді анықтауға ықпал етеді;
- «Том және Тим» дауыссыз дыбыстардың жұмсақ-қаттылығына қарай дыбысты талдауын қалыптастырады.

«Буын» мәзірі:

- «Сиқырлы құдық» жаттығуы алғашқы оқу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сол арқылы балалар қиын буынды сөздерді айтуға жаттығады.

«Сөз» мәзірі:

- «Тығымаш» жаттығуы арқылы сөзге дыбыстық талдау жасауға жаттығады. Стимулды материалды таңдауға байланысты (суреттер, аудио) фонемды қабылдауын жан-жақты дамытуға болады;
- «Мозаика» жаттығуы сөздің жазылуын тануға және сөзді тұтас оқуға үйретеді. Еске сақтау мен қабылдауды түзетеді.

«Сөйлем» мәзірі:

- «Сөйлемді қалпына келтір», «Сөйлем құрастыр», «Түсіп қалған сөзді қой», «Сөйлемді аяқта» жаттығулары сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жақтарын дамытуға арналған. Ол балаға сөздер мен сөйлем арасындағы мағыналық және грамматикалық байланысты қоюға жаттықтырады.

«Мәтін» мәзірі:

- «Мазмұндау», «Әңгімелеу», «Сурет бойынша әңгімелеу» жаттығулары байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған. «Мазмұндау» бөлімінде берілген тақырып бойынша әңгімелеуге арналған көмекші сөздер, сұрақтар, сөздіктер берілген. «Суретке қарап әңгіме құрау» бөлімінде суретшілердің 21 түрлі картиналары берілген (портрет, сюжетті суреттер, пейзаж). Әр суретке, оның эмоциялық мағынасына сәйкес музыкалық үзінді таңдалған. Ол баланың суретті сипаттауына көмектеседі.

«Сөздікпен жұмыс» және «Белсенді сөздігін қалпына келтіру»:

Тренажерда базалық сөздік енгізілген. Ол жалпы көлемі бойынша 4,5 мың сөзден тұратын 63 сөздіктен тұрады. Ол жалпы және тақырыптық сөздер («Киім», «Тамақтар», «Мектеп» т.с.с.), сонымен қатар сөздіктер фонетикалық принцип бойынша құрылған). Баланың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беріліп, логопедиялық жұмыспен қатар, баланың қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамытуға мүмкіндік берілді.

Аутизмі бар балалардың оқытуда, қарым-қатынасқа түсуін, әлеуметтік ортаға бейімделуін, сөйлеу тілін қалыптастыруда, психикалық үрдістерін дамытуда кешенді түзете-оқыту әдістерін жүйелі қолданып, пайдалану үдерісіне сараптаулар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр:

- тәжірибелік топтағы балалардың психикалық функцияларын қалыптастыру сапасы жоғарылады;
- аталмыш жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда балалардың белсенділігі, қызығушылығы арта түсті;
- аутизмі бар балаларға жүргізілген эксперименттен кейін балалар мен педагог арасындағы қарым-қатынас жаңа қарқын алды;
- аутизм диагнозы бар балаларға эксперимент жүргізу нәтижесінде жақсы нәтиже көрсетілді.

Түйіндей келе, біз мынандай қорытындыға келдік. Аутизмі бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу, өзінің қатарлас құрбыларымен қарым-қатынасқа жиі түсуін бақылау, отбасымен, арнайы мамандармен қарым-қатынасын, әлеуметтік педагог, психолог, логопед тарапынан қолдау табуы қажет. Балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету шараларын жүргізуде кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістердің маңызы зор. Аутизм диагнозы бар балалардың қоғамда өздерін ұстай алуын, достарымен қарым-қатынасқа түсуге әзірлігін

арттырудың маңызды тәсілі арнайы таңдап алынған түзету-педагогикалық көмек көрсетуді қолдану болып табылады.

Қорыта айтқанда, аутизмді бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://tezister.net/index.php?newsid=102426&news_page=2
- 2 Щипицина Л.М. Детский аутизм. Хрестоматия: учеб. пособие для студ. высш. и средн. пед. психолог. и мед. учеб. заведений. — СПб.: Дидактика Плюс, 2001. — С. 368.
- 3 Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. — СПб.: Речь, 2007. — С. 288.
- 4 Юханссон И. Особое детство / Пер. со швед. О. Б. Рожанской. — М.: Центр лечебной педагогики, 2001. — С. 168.
- 5 Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме // Дефектология. — 2005. — № 2. — С. 46–56.
- 6 Питерс Т. Аутизм: от теоретического понимания к педагогическому воздействию. — СПб.: Ин-т специальной педагогики и психологии, 1999. — С. 192.

Г.Т. Азанбекова, Р.О. Асыллова

Применение комплексных методов обучения для детей с аутизмом

В статье рассмотрено одно из серьезных детских расстройств – ранний детский аутизм, при котором у ребенка возникают трудности в общении с окружающими его людьми. Описаны этапы экспериментальной работы, где были применены комплексные коррекционно-обучающие методы для улучшения взаимоотношений детей с таким нарушениями со сверстниками и взрослыми. Сделаны выводы, что использование при раннем детском аутизме комплексных коррекционно-обучающих методов и современных технологий положительно влияет на общее развитие ребенка, на его взаимоотношения с ровесниками, а также на дальнейшее и его развитие.

G.T. Azanbekova, R.O. Asylova

Use of complex methods in teaching children with autism

This article deals with one of serious childhood disorders – early infantile autism. Children with early autism have difficulties in communication with people around them. The author of this paper described the stages of experimental work where complex correctional teaching methods were applied to improve relationships between children and peers and adults. According to the results of experimental work it can be concluded that use of complex methods of correctional training and modern technologies in early infantile autism has a positive impact on children's development of relationships with their peers as well as on their further development.

References

- 1 [ER]. Access mode: http://tezister.net/index.php?newsid=102426&news_page=2
- 2 Shchipitsina L.M. *Infantile autism. Reading book: textbook for students of higher and secondary pedagogical, psychological and medical schools*, Saint-Petersburg: Didactics Plus, 2001, p. 368.
- 3 Mamaichuk I.I. *Psychologist's counseling children with autism*, Saint-Petersburg: Rech, 2007, p. 288.
- 4 Johansson I. *Special childhood*, transl. from Swedish by O.B. Rozhanskaya, Moscow: Center for curative pedagogics, 2001, 168 p.
- 5 Arshatskaya O.S. *Defectology*, 2005, 2, p. 46–56.
- 6 Peeters Th. *Autism: from theoretical understanding to pedagogical impact*, Saint-Petersburg: Institute of special pedagogy and psychology, 1999, p. 192.